

Ұсыныстар

COM/LAIR/REC/002//FINAL

Жетінші отырыс
Астана, 1 наурыз 2019 ж.

**"ТҮРКПА ҚАТЫСУШЫ-ЕЛДЕРДЕГІ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
БЕРУДЕГІ БАЛАМАЛЫЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ"**

Парламенттік ассамблея:

Жоғары білім беру бейбітшілікті, өзара түсіністік пен шыдамдылықты ілгерілетуде, сондай-ақ ТҮРКПА қатысушы елдер азаматтары арасында өзара сенім құруда маңызды рөл атқаратының **мойындай отырып;**

ТҮРКПА қатысушы елдердегі жоғары білімнің ағымдағы жағдайын сапалы да, сандық жағынан да **оң бағалай отырып;**

ТҮРКПА қатысушы елдер академиялық ұтқырлықты әр түрлі мәдениеттер мен Тілдерді жақсы түсінудің құралы ретінде үнемі көтермелегенің **атап өтті;**

Басқа елдегі оқыту немесе жұмыс адамның мәдени және академиялық байытуына ықпал етуі мүмкін екенің **ескере отырып;**

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың "Ұлы даланың жеті қыры" атты мақаласында айтылған идеялар мен қағидаттардың маңыздылығын **атап көрсете отырып;**

ТҮРКПА қатысушы елдер арасындағы жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін қолайлы негіз ретінде Түркі кеңесі аясында Түркі университеттері одағын құруды **құптай отырып;**

ТҮРКПА қатысушы басқа елде алған оқу курстарын, сертификаттарды, дипломдар мен дәрежелерді тану академиялық және кәсіби ұтқырлыққа ықпал етудің маңызды шарасы болып табылатынын растай отырып;

Біліктіліктің дамуы мен кең танылуы жекелеген адамдар үшін, сондай-ақ жалпы түркі әлемі үшін маңызды пайда әкелетініне сенімді бола отырып;

Жоғары білікті институттары және мықты құқықтық базасымен ТҮРКПА қатысушы елдерде жақсы жұмыс істейтін үрдістер баламалылығын жоғары бағалай отырып

Өзара тиімді, үйлесімді және тиімді негізде бірлескен тетіктер мен тәжірибелерді құру жолымен эквиваленттік үрдістердің жұмыс істеуін одан әрі жақсарту қажеттілігіне назар аудара отырып;

Қазіргі мойындау тәжірибесін жетілдіру, сондай-ақ оның барынша ашықтығын қамтамасыз ету және ТҮРКПА қатысушы елдердегі жоғары білім беру саласындағы ағымдағы ахуалдың сәйкестігін ұғына отырып;

ТҮРКПА қатысушы елдер арасында жалпы жоғары білім беру саласындағы практикалық проблемалардың жалпы шешімдерін және атап айтқанда баламалылық үдерістерін іздестіруге бейілділігін растай отырып;

Қатысушы елдердің парламенттері мен үкіметтеріне ұсынады:

1. тиісті үкіметтік тетіктер шеңберінде баламалылықты растау жөніндегі органдардың функционалдық мүмкіндіктерін құру немесе нығайту;
2. баламалылықты растау жөніндегі жауапты органдар арасындағы байланысты нығайту үшін және жұмыста сәйкестікті және үздіксіздікті қамтамасыз ету үшін байланыс арналарын орнату және байланыс тұлғаларын анықтау;
3. біліктілікті тануға жәрдемдесу мақсатында білім беру жүйесі туралы барабар және дәл ақпарат беруді қамтамасыз ету;
4. біліктілікті бағалау үшін ақпаратқа барлық ақылға қонымды сұраныстарды іске асыруда барлық білім беру мекемелерін көтермелеу;
5. тану жөніндегі құзыретті орган алдын ала көрсеткен ақылға қонымды мерзім ішінде тану туралы шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету;
6. шетелдік біліктілікті бағалау рәсімдері мен критерийлері ашық, дәйекті және сенімді болуын қамтамасыз ету. Ашықтықты арттыру мақсатында оларды білім саласындағы өзгерістерді назарға ала отырып және процедураның шамадан тыс күрделенуіне әкеп соғатын талаптарды жоя отырып, кезең-кезеңімен қайта қарау керек;

7. осындай тану жағдайларын ТҮРКПА қатысушы барлық елдер бірдей дәрежеде қарастыратынына кепілдік бере отырып, процедуралардың келісімділігін арттыру және шетелдік біліктілікті бағалау үшін критерийлерді пайдалану;
8. бүкіл өңір бойынша ТҮРКПА қатысушы елдер берген кәсіби сертификаттарды тануды жеңілдету үшін тиісті шаралар қабылдау;
9. ТҮРКПА қатысушы басқа елдердің жоғары оқу орындарының студенттері мен бітірушілері туралы мәліметтерді қамтитын өзара қол жеткізу үшін (ақпаратты енгізу, сұрау және т. б.) ашық Түркияда YÖKSIS ұқсас электрондық деректер базасын құру;
10. заңнамалық база, әкімшілік және техникалық құрылым және жұмыс жағдайлары тұрғысынан Түркияда жоғары білім беру жөніндегі Кеңестің "Тану және аккредиттеу жөніндегі бюро" жұмыс істеп тұрған құрылымы мен жұмыс істеуін назарға алу, сондай-ақ Түркия көрсетуі мүмкін институционалдық қолдауды пайдалану;
11. Түркі кеңесінің түркі университеттері одағына мүше университеттер арасында жоғары білім аймағын құру туралы Стамбул директивасында бекітілген қағидаттарды сақтау;
12. ұлттық және аймақтық құрылымдар шеңберінде әзірленген алмасу бағдарламаларымен ұсынылған мүмкіндіктерді студенттер мен оқытушылардың ұтқырлығына ықпал етудің тиімді тетігі ретінде, мысалы, түрік университеттері Одағының "Орхун" алмасу бағдарламасы және Түркияда "Мевлана" алмасу бағдарламасы ретінде қатысуға және пайдалануға.